



# QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден  
бастап шығады

№ 29/107  
20 шілде



www.instagram.com/qorjyntubek\_jarsysy

Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет



E-mail: priogazeta@mail.ru



## ЖЕҢІМПАЗДАР МАРАПАТТАЛДЫ



Өткен сәрсенбі, 17-шілде күні қаламызда ұйымдастырылған Мерейлі отбасы» Ұлттық конкурсының аяқталуына орай жеңімпаздарды марапаттау рәсімі болып өтті. Рәсімді жүргізген Мәдени демалыс орталығының маманы Гаухар Сабденбекова конкурс қатысушыларын таныстырып өткеннен соң құттықтау сөзді қала әкімі Мансұр Талғатұлы Ахметовке берді.

Қайырлы күн қымбатты жерлестер! «Мерейлі отбасы» Ұлттық конкурсының қалалық кезеңін қорытындылау жиналысына қош келдіңіздер! Әрбір адам үшін ұшқан ұясының орны бөлек. Өскелең ұрпақтың отбасында тәлім-тәрбие алып, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруі өте маңызды. Сондықтан әрбір отбасын татулықпен сақтай отырып, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу, тәрбиеге ерекше көңіл бөлу біз бен сіздің басты борышымыз болуы тиіс. Сіздерді жетістіктеріңізбен құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасыларыңызға береке-бірлік, бақыт тілеймін, - деді әкім жиылғандар алдында.

құжаттарды қарастырып, қорытындысын шығарды. Комиссия шешімімен 1 және 2 орын алған отбасылар облыстық кезеңге жолданды. Облыстық комиссия шешімі 15-қыркүйек «Отбасы күні» мерекесі қарсаңында қорытындысын хабарлайды. Бүгінгі жиында осы «Мерейлі отбасы» Ұлттық байқауының қалалық кезеңіндегі жүлдегерлерді қала әкімі марапаттады. Атап айтқанда – «Мерейлі отбасы» Ұлттық байқауының қалалық кезеңіне белсене қатысқаны үшін Абдирамановтар, Үмбетқуловтар отбасы дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. «Мерейлі отбасы» Ұлттық байқауының қалалық кезеңінде 3 орын алғаны үшін Галимжановтар отбасы, 2 орын алған Уразметовтар отбасы және жүлделі бірінші орынды жеңіп алғаны үшін Абсаматовтар отбасы марапатталды. Марапаттау барысында отбасылардың отбасылық жетістіктері туралы видеоматериалдар көрсетілді.

Үлгі тұтар отбасылар Қазақстанның сенімді кепілі. Отбасы – баға жетпес қазына.



–Жылдағы дәстүрмен биыл да «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын қалалық кезеңі өткізілді. Байқауға жалпы 5 отбасы қатысты. Байқау комиссиясы ұсынылған

Сол қазынаның бағасын біліп, қадір-қасиетін сақтай білуге тиістіміз!

Нұрғали Қарабектегі

## НОТАРИАТ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІГІ!

Приозерск қаласына көшіп келіп, жайғасқаннан кейін журналистік мамандығыма орай сол кездегі Жезқазған облыстық «Сарыарқа», республикалық «Заң» газеттерімен келімішартқа отырып, екінші ғұмырын енді бастап жатқан қаламыздың тыныс-тіршілігін баспасөз құралдары арқылы жариялап отыру мақсатында іске кіріскенім бар. Өзімнің өлең-жырларыммен қатар қаланың жаңалықтарын, әр салада қызмет ететін адамдар өмірінен мақалалар жазып отырдым. Екімыңыншы жылдардың басында Приозерск қаласының прокуроры былып қызмет етіп жүрген Сайлау Смағұлымен қызмет бабында танысып, өзі қызмет етіп жүрген прокуратура саласына қатысты бірнеше рет сұқбаттасып, мақалалар жариялап едім.

мен беделін арттыру мақсатында атқарған мінсіз көп жылдық еңбегі үшін және «Қазақстан заңгерлерінің одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалының марапат грамоталарымен, Қарағанды облысының нотариаттық палатасының Құрмет грамотасымен және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Жезқазған аймақтық өкілеттігінің Алғыс хатымен марапатталып, «Қазақстан Республикасы прокуратурасына 25 жыл» мерекелік медалін омырауына таққанын да сүйіншілегенбіз.

Мінекей, Қазақстан Республикасының Құрметті Азаматы, қаланың ақылшы ақсақалы, жас ұрпаққа үлгі-өнеге болуымен қатар, көпшілік қауымға тірек болып, ақыл-кеңесін беріп жүрген ардагер нотариус С.С.Қарабеков



Кейіншелік – 2002-жылдың 7-мамырынан бастап «Қазақстан Республикасының еңбек туралы Заңының» 28-бабына сәйкес, көп жылдық сіңірген еңбегі үшін зейнеткерлікке шығып, 2003-жылғы 24-қаңтардан бергі кезеңнен бастап қазіргі уақытқа дейін Қарағанды облысы нотариалдық палатасының мүшесі, Приозерск қаласының жекеше нотариусы болып халыққа қызмет етіп келеді. Әділет кеңесшісі. Бұл салада да ол кісімен қоян-қолтық араласып, аударма жұмысымен айналысып келемін.

Сайлау ағаның осы кезге дейінгі жетістіктері мен марапаттарын санамалайтын болсақ, бірнеше параққа жүк болардай. «Жастар тәрбиесіндегі белсенді қызметі үшін» төсбелгісі, ҚЛКЖО Құрмет грамоталары, Қазақстан Республикасы нотариатының дамуы мен нығаюына қосқан үлесі үшін және нотариус мамандығының қоғамдағы маңыздылығы

нотариат саласындағы ең үлкен марапат саналатын «Нотариат саласындағы адал еңбегі үшін» медалін омырауына тағып, «Қазақстан Республикасы нотариатының дамуы мен нығаюына қосқан үлесі үшін және нотариус мамандығының қоғамдағы маңыздылығы мен беделін арттыру мақсатында мінсіз көп жылдық еңбегі үшін» Құрмет грамотасымен марапатталды.

Халық игілігі үшін жасап жүрген толағай табыстары мен ерен еңбектері еленіп, осындай атаққа лайық болған және туған жеріне туын тіккен, елі мен қазақ жұртының өркендеуі мен дамуына зор үлес қосып жүрген қажы ағамызды осынау лайықты марапаттарымен газет редакциясының атынан құттықтай отырып, алдағы өміріне зор денсаулық, ісітеріне сәттілік пен баянды бақыт тілейміз!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

## ТРУДОВЫЕ ПРАВА ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ

Государственные служащие играют ключевую роль в функционировании государственной системы Казахстана, обеспечивая выполнение государственных функций и услуг.

Права государственных служащих регулируются различными законодательными актами, включая Конституцию, Трудовой кодекс, Закона «О государственной службе Республики Казахстан» и другие правовые акты, которые обеспечивают не только правовую базу для защиты и реализации их трудовых прав, но и охватывают широкий спектр аспектов, направленных на их профессиональное развитие и благосостояние.

Основные положения о трудовых правах государственных служащих включают:

Право на труд когда государственные служащие имеют право на свободный выбор труда и на справедливые условия труда, в том числе на безопасные и здоровые условия работы, равно как и все граждане.

Режим рабочего времени и времени отдыха. В соответствии с действующим законодательством для государственных служащих устанавливается нормальная продолжительность рабочего времени. Также предусмотрены перерывы для отдыха и питания, выходные и праздничные дни, а также ежегодные оплачиваемые отпуска.

В настоящее время Агентство по делам государственной службы является уполномоченным государственным органом осуще-

ствляющим мониторинг соблюдения режима рабочего времени государственными органами. Данное нововведение является одним из важных направлений деятельности нашего Агентства, поскольку мониторинг рабочего времени государственных служащих является важным элементом управления персоналом и повышения эффективности работы государственных органов.

Заработная плата. Государственные служащие имеют право на получение заработной платы в соответствии с занимаемой должностью. Заработная плата выплачивается регулярно и в полном объеме.

Профессиональное развитие и обучение. Государственные служащие имеют право на повышение квалификации, переподготовку и дополнительное образование. Государство обеспечивает условия для их профессионального развития.

К примеру, Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан играет важную роль в подготовке квалифицированных кадров для государственной службы. Широкий спектр образовательных программ и курсов, инновационные методы обучения и практическая направленность делают Академию ключевым учреждением в системе профессионального образования государственных служащих в Казахстане.

Также можно привести в качестве примера программу

«Болашак», которая направлена на обучение граждан в ведущих зарубежных учебных заведениях с целью подготовки высококвалифицированных специалистов для различных отраслей экономики, включая государственную службу.

Важно отметить, что государственные служащие, поступающие в Академию или участвующие в программе «Болашак», имеют право на сохранение рабочего места на период обучения и получить образование абсолютно бесплатно за счет государства.

Трудовая дисциплина и ответственность. Государственные служащие обязаны соблюдать трудовую дисциплину, выполнять свои должностные обязанности в соответствии с законодательством нарушение которых может привести к дисциплинарной ответственности.

Защита трудовых прав. Государственные служащие имеют право на защиту своих трудовых прав и законных интересов, который включает право на обращение в судебные и другие органы для разрешения трудовых споров.

Агентство по делам государственной службы играет ключевую роль в организации и управлении государственной службой. Его деятельность направлена на обеспечение соблюдения норм и стандартов, защиту прав интересов государственных служащих, а также на повышение эффективности и прозрачности работы государственных органов.

Департаментом Агентства по

Карагандинской области на постоянной основе идет конкретная работа в данном направлении. Департамент на постоянной основе осуществляет контроль за соблюдением правил и стандартов государственной службы который включает мониторинг соблюдения законодательства, правил этики и профессионального поведения, занимается защитой прав государственных служащих в случае нарушений со стороны работодателей. Это включает консультации, предоставление правовой помощи и защиту интересов в судебных и административных процессах.

В целом необходимо отметить, что система трудовых прав государственных служащих в Казахстане направлена на обеспечение справедливых условий труда и социальной защиты государственных служащих. Эти права способствуют не только защите интересов самих государственных служащих, но и повышению и качества государственной службы в целом. Соблюдение и реализация этих прав является важным аспектом устойчивого развития государственной службы в Республике Казахстан.

*Руководитель Департамента  
Агентства по делам  
государственной службы по  
Карагандинской области,  
Председатель совета по этике  
Ж. Сарсен*

## ИМАНДЫЛЫҚ – ІЗГІЛІК НЕГІЗІ



Имандылық – адамның қоғамдағы, күнделікті өмірдегі іс-әрекеттерін дұрыс қалыпқа түсіретін ішкі рухани қадір-қасиет, пенде бойындағы адалдықтың, адамгершіліктің ізгі белгісі.

Дәстүрлі қазақ қоғамында адамның имандылығына – мінез-құлық жүйесіндегі қасиеттеріне көп көңіл бөлінген. Адамның жарық дүние есігін ашуы, ержетіп өсуі, еңбек етуі, қартаюы, ата-анамен баланың қарым-қатынасы, құрметтілік пен кішіпейілділік, сыйластық, әдептілік пен арлылық, инабаттылық тәрізді

маңызды мәселелер имандылықтың маңызды құрамдас бөлігі есебінде ешқашан да назардан тыс қалмаған. Бүгінгі жастардың үлкендерге құрмет көрсетуі, үлкендердің өзінен кішілерге ізет көрсетуі өмір сүру қалпына айналған. Қоғамда берік қалыптасқан осындай көргенділікпен өмір сүру дағдылары жинала келіп, барша адамгершілік қағидалардың, имандылықтың қалыптасуына негіз болған. Өн бойына тек жақсы қасиеттерді сіңіріп өскен пендені: «көргенді, жүрегінен

нұр, өнінен ылғи да жылу бөлетін, әрдайым жақсылық жолын ойлап жүретін», әр істе шынайылық көрсететін адамдарды «иманды» деп атаған.

Мұсылмандық дүниетанымына сүйенсек, имандылық иманнан пайда болады. Ал, иман – жүректегі нұр, нұрдың сыртқы болмысы, яғни имандылық – Алла тағалаға иман еткен адамға берілетін көркем де сұлу мінез.

Имандылықты насихаттау, иманды ұл, инабатты қыз болуға, ұлтжандылыққа тәрбиелеу мақсатында «Приозерск қалалық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Білім» орталығында «Имандылық – ізгілік негізі» тақырыбында имандылық сағаты өтті. Шараға қаламыздың мекеме қызметкерлері қатысты. Іс-шара барысында жалпы дін туралы, ислам діні және имандылықты насихаттап, «Имандылық – ізгілік негізі» кітап көрмесі таныстырылып өтті.

«Әрбір ақылды адамға иман парыз, әрбір иманды адамға ғибадат

парыз «,- деп Абай ағамыз айтқандай мұсылмандық дүниетаным бойынша имандылық иманнан пайда болады. Ал иман – жүректегі нұр, нұрдың сыртқы болмысы, яғни, имандылық – Алла тағалаға иман еткен адамға бітетін көркем мінез. Иманды адамдар қайырымды, мейірімді болып, өздеріне нәсіп еткен намаз, ораза, зекет, қажылық сияқты парыздарын орындауға ниет етеді.

Адамдар бір-біріне жақсылық жасаудан жалықпаса өмірде сыйластық, қамқорлық, достық, сүйіспеншілік қарым-қатынаста болады, ал қоғамда татулық, бірлік, ынтымақ орнайды.

«Түзу бастап, ақ жолды кесе көрме, Иман тонын үстіңнен шеше көрме» - деп түрік ғұламасы Жүсіп Баласағұн айтқандай Алла жолында түзу жүріп, бойымыздан иманымыз кетпесін. Әрдайым имандылық \ жанымызға серік болсын!

*Библиограф: Аружан  
Абдулғазизқызы*

## ҚАЛА ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША ДЕРЕК



Көкшөкөлдiң жағасындағы Қоржынтүбекте орналасқан Приозерск қаласының құрылғанына да 68 жыл толуда. Көлге етене еніп жатқан түбекке осыдан 70 жылға жуық уақыт бұрын әскери қаланың алғашқы қазығы қағылып, бүгінде еліміздің қорғаныс қуатына, тәуелсіздік игілігіне қызмет етіп келеді. Приозерскінің елімізде өз орны бар. Сондықтан әскери сынақ полигонының әкімшілік, әлеуметтік тұрмыстық орталығы болып табылады. Иә, тәуелсіздік алғанға дейін Приозерск қаласы жабық қала болды.

Приозерск қаласы Кеңестер одағының картасында еліміз егемендікке қолы жеткенше көрсетілмей келді. Бірде «Полигон-А», енді бірде «Ташкент-90» деген құпия шифрмен аталды. 1956-жылы Орталық Комитет пен КСРО Министрлер Кеңесінің қаулысымен салынады. Осы құпия полигонның орталығы Приозерск қаласын салудың ба-

сты себебі мына мәселелер болған екен: мемлекеттік ракета шабуылына қарсы кешенді эксперимент жасайтын нысандардың және ракета шабуылына қарсы сынақ полигонының жұмыстарын күшейту, сондай-ақ бұл жерде 10 мемлекеттік ғылыми-зерттеу орталығын құру және әуе шабуылына қарсы сынақ полигонын салу туралы бір ауыздан шешім қабылданған.

Сынақ полигоны еліміздің сол кездегі бес облысының жерінен 8 115 15 гектар жер оның ішінде 4.264.900 гектар жер күнделікті тұрақты пайдалануға, ал қалған жер күнделікті жаттығу үшін бөлініп беріледі. Әскерилер орын тепкен Ақмамық 1956-жылдың қатал қысын әскери палатқаларда өткереді. Ал осында тіршілік еткен ата-бабамыз қойған Қоржынтүбек атауы Приозерск болып өзгертіліп, сол кезде-ақ әскер полигонның әкімшілік басқару орталығына айналдырылады. Қала мен сынақ нысандарының

құрылысы орталық тарапынан қатаң бақылауға алынады. 1961-жылғы 4-наурызда полигонда баллистикалық ракетаның алдыңғы бөлігі атып түсіріліп, аспанда жойып жіберуді іс жүзінде дәлелдеп шықты. Бұл әлемдік тәжірибеде тұңғыш рет болған еді.

Қалашықта 1963-жылға дейін тек әскерилер мен олардың отбасылары ғана тұрды. 1963-жылдың 28-қазанында қалалық кеңестің бірінші сессиясында төрағалық еткен полигон командирі С.Дороховтың ұсынысы бойынша Приозерскіге қала мәртебесі берілді. Приозерск қаласында 1990-жылға дейін одақтық көлемдегі әскери-ғылыми кеңес жұмыс істеді. Мұнда 800-ге жуық адам кандидаттық және докторлық диссертацияларын қорғаған.

Қаланың да, полигонның да жағдайы одақ тараған жылдары қиындап кеткен еді. Әскери адамдар елдеріне кетіп, қала иесіздікке ұшырады. 1995-жылдан бастап көрші

елдерден қандастарымыз және өзге аймақтардан отбасылар көшіп келе бастады. 1998-жылы Приозерск қаласында № 44841 әскери бөлім құрылды. Қазірде қаланың жағдайы жақсаруда. 1995-жылы қалада Балқаш тау-кен компаниясының алтын қорыту фабрикасы іске қосылды. Мұндағы шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысатын кәсіпкерлер саны артып келеді, қосалқы шаруашылық ашылды. Қаланың мәдени өмірін қалыптастыруда да бірқатар шаралар жүзеге асты. Қалада қазақ және аралас мектебі, өнер және спорт мектептері жұмыс істейді. 1999-жылы қалада 11 мың халық болса, бүгінде оның саны ақырындап арта түсуде. Халықтың саны демографиялық жағдайда өсіп отыр. Мемлекеттің қамқорлығына сай қала туристік орталыққа айналады деген үлкен үміт бар!

*Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ*

## МАРҚҰМҒА АРНАЛҒАН ТУРНИР

Қазақта «Өлі разы болмай – тірі байымас» деген керемет гибратты сөз бар. Бұның мәні – дүниеден өткен жақсы адамдардың тірлігінде істеген игі амалдарын, жақсы істерін, азаматтығы мен кісілігін ұмытпай, артта қалған ұрпаққа, жалпы жұртқа насихаттап, есімін ескеріп жүріңдер, тіршіліктегі адамдар осыдан үлгі-өнеге алсын дегенге меңзейді.

Биылғы жылдың 12-13-шілде күндері бірімізге бауыр, бірімізге аға, бірімізге дос болған, спорттың қазақша күрес түрімен айналысып, көптеген жетістіктерге жетіп, белестерді бағындырған Алмас Серікұлы

Байділдiновті еске алуға арналған қазақ күресiнен кiшi жасөспiрiмдер арасында ашық турнир өтті. Турнирге Жамбыл облысы, Қызылорда облысы, Алматы қаласы, Қарағанды қаласы, Балхаш қаласы, Ақадыр кенті, Мойынқұм ауданы, Шу ауданы, Шығанақ ауылы және Приозерск қалаларынан 100-ден астам балуан қатынасып, өзара бақ сынасты.

Жарыста жеңімпаз болған балуандарды төсбелгі, грамота және арнайы белбеумен марапаттады. Сонымен қатар аталған жарыста командалық сайыс өтіп, Қызылорда командасы жеңімпаз атанды және



жүз мың теңгенің қаржылай сертификатына ие болды. Құдайы көршіміз саналатын Сарышаған командасы жүлделі екінші орынды егелеп, қаржылай жетпіс мың теңгемен марапатталды. Үшінші орынға табан тіреген Мойынқұм ауданының командасы қаржылай елу мың теңгені місе тұтты.

Жарысқа арнайы қонақ болып келген Қарағанды облысы Қазақ күресінен аға жаттықтырушысы Ахметбеков Мақсат Сағынтайұлына, Приозерск қаласының әкімдігінің атынан үлкен алғысымызды біл-

діреміз! Осы жарыстың өтуіне бірден-бір себепші және ұйымдастырушы болған Жұмаханов Базархан мырзаға да рақымет айтамыз. Бүгінгі ауыл ағасы, ертең ел ағасы болуға нәсіп қылсын! «Жалғыздың шаңы шықпас» демекші, осынау жарысқа хал-қадерінше үлес қосқан барша ауылдастарға үлкен алғысымызды білдіреміз!

*Газеттің арнаулы тілшісі:  
Нұрғали Қарабектегі*

## «ТАБИҒАТТЫ САҚТАУ – ОТАНҒА ҚҰРМЕТ!»



«Табиғат – ел байлығы» демекші, мемлекеттің дамуы үшін табиғатқа деген құрмет ерекше болуы тиіс. Қоршаған ортаны қорғау арқылы Отанға деген патриоттық сезім оянады. Осы орайда, елімізде табиғатты аялау, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған «Таза Қазақстан» республикалық акциясы өтуде.

«Таза Қазақстан» республикалық акциясы 2024 жылдың 8 сәуірінен бастау алған болатын. Республикалық акцияның мақсаты – экологиялық мәдениетті қалыптастыру, тұрғындардың,

жастардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін ояту. Акция 5 айырықша атауларға бөлініп, қоршаған ортаға қажетті жұмыстарды нақтылап та берді.

Экологиялық науқанға барлық өңір тұрғындары жаппай қатысып, туған жерін, тұрған аумағын таза ұстауға үлес қосуда. Аталмыш акцияға Қарағанды облысы да белсене атсалысты. Экологиялық акцияның барысында әр өңірдегі мекемелер, әлеуметтік нысандар мен тұрғындар өздері тұрған аумақты қоқыстан тазартты. «Таза Қазақстан» эко-

логиялық акциясы аясында Приозерск қаласында 300 тал, көгал егіліп (3 804 кв метр), 900-ге жуық гүл (питуния) отырғызылды.

Экологиялық акцияға қосымша мемлекеттік мекемелерден 150-ге жуық адам қамтылған болатын. Туған жерімізді көркейту мақсатында Приозерск қаласы аумағында «Экосарбаз» жасағы және «Жасыл ел» еңбек жасағына қызметкерлер жұмылдырылған. Қала аумағында көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Сонымен

қатар, қала аумағын қоқыстан тазарту үшін «Таза бейсенбілік» үнемі ұйымдастырылып отырады.

Ұрпақты тәрбиелеу үшін ең алдымен өзімізді тәрбиелеуіміз керек. Айналаны таза ұстап, қоршаған ортаға құрметпен қарасақ, тазалыққа жаны жақын ұрпақ қалыптасатыны ақиқат.

*Сабденбекова Гаухар  
Кенесбаевна  
Приозерск қаласы мәдени-  
демалыс орталығының  
жастармен жұмыс  
жөніндегі әдіскері*

## ТАЗА ҚАЗАҚСТАН: ОРТАҚ МҮДДЕ!

«Айналайын! Атамекен, Ақ мекен! Қандай қазақ іздеп сені тапты екен?!» деп, Мұқағали жан-жүрегімен жырлағандай, киелі жер, құтты қоныс, қастерлі мекеннің құшағынан ешқашан кеткің келмейді. Сұлу төрін көрген сайын көргің келе береді... Бұл – ата мекеніміздің шапағаты. Үйдің тазалығы іргесінен, ауласынан көрінеді. Ал, таза көше мен көгал саябақтар елдің айнасы іспетті. Қоршаған ортасы таза елдің жаны да таза. Осындай мысалдарға толы «тазалық» сөзінің мағынасы терең. Жеке тазалықтан бастап, қоғамдық тазалыққа дейінгі әрекеттердің барлығы адамның шынайы ниетімен жасалатын дүние.

Елімізде табиғатты аялау, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған «Таза Қазақстан» республикалық

акциясы өтуде. Экологиялық науқанға еліміз тұрғындары жаппай қатысып, туған жерін, тұрған аумағын таза ұстауға үлес қосуда. Әр өңірдегі жастар ресурстық орталығының бастамасымен қолға алынған акция 5 аптаға жоспарланған.

«Таза Қазақстан» республикалық акциясы 8 сәуір күні басталды. Бұл туралы еліміздің Мәдениет және ақпарат министрлігі ресми түрде мәлімдеді. 5 аптаны айырықша атауларға бөліп, қоршаған ортаға қажетті жұмыстарды нақтылап та берді. «Таза өлке», «Киелі мекен», «Жасыл аймақ», «Өнегелі ұрпақ» және «Мөлдір бұлақ» аталған акциялардың аты айтып отырғандай, елді бірлікке, тазалыққа насихаттайтын «Таза Қазақстан» акциясын өткізуге

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ресми түрде тапсырма берген болатын. Бұл тазалықты насихаттап қана қоймай, ел-жұрттың басын біріктіретін рухани маңызы бар.

2024-жылдың 21-мамырында Приозерск қаласында ішаралар жоспары бекітілді және осыған сәйкес қала аумағын санитарлық тазарту және абаттандыру бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Күн сайын коммуналдық қатты қалдықтар полигонына қоқыс шығарылады, ағаштардың құрғақ бұтақтары алынады, көшелер мен тротуарлар сыпырылады, көлік жүру бөлігі ылғалдандырылады, көгалдардағы шөп шабылады, ғимараттар, жол белгілері сырланады. Приозерск қаласының көшелері күн сайын әдемі көрініске ие болуда. Ұрпақты

тәрбиелеу үшін ең алдымен өзімізді тәрбиелеуіміз керек. Айналаны таза ұстап, қоршаған ортаға құрметпен қарасақ, тазалыққа жаны жақын ұрпақ қалыптасатыны ақиқат. Рас, «балапан ұяда нені көрсе, ұшқанда соны іледі». Жадында, жанарында, жүрегіңде ғана тұрар ақ мекен, көркем өңір, әсем өлке өсер ұрпағына да нұрын сыйлап, ғасырлардың көшінде жасанып, жайнап, жаңғыра берсін!

Осы мақсатымыз жүзеге асу үшін Приозерск аталатын қаламыздың тұрғындары «Бір жеңнен – қол, бір жағадан – басшығарып» ауызбірлікпен еңбектенуі тиіс деп ойлаймыз!

*Марс СҮЛЕЙМЕНОВ,  
Приозерск қаласы мәдени-демалыс  
орталығының директоры.*

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»  
Бас редактор: Исатай М.А.  
Техникалық редактор: Исатай М.А.  
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы,  
Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары,  
38а, 5.  
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15,  
«Арқо» ЖШС-де басылды.  
Тапсырыс №29/107, Таралымы:500 дана,  
пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35  
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35  
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru  
Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі  
+7-778-582-29-41

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және  
Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми  
тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 мау-  
сымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері  
редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар  
мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама  
беруші жауап береді. Газетте жарияланған мате-  
риалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
Суреттер интернеттен және архивтардан алын-  
ды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарыл-  
майды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.  
Балаларға тыйым салынған.